

**«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған
Сапаров Бахытжан Жолдыбайұлының
«Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының дін
саласындағы мемлекеттік саясаты» тақырыбында
жазылған диссертациялық жұмысына ресми**

СЫН-ШІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бүкіләлемдік жаһандану процесі, ақпараттық технологияның жаңа деңгейге көтерілуі, қоғамдағы модернизациялық процестердің жүзеге асырылуы, әлемдегі мемлекеттер мен діни конфессиялардың арасындағы саяси-әлеуметтік өзгерістердің жаңа басымдықтарға ие болуы еліміздегі дін саласына жаңаша көзқараспен қараудың қажеттіктерін тудыруда.

Диссертант Б.Ж. Сапаровтың қарастырып отырған «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаты» мәселесі дінтану ғылымында бүгінгі күн талаптарына сай зерттеліп отырған жаңа еңбек. Диссертациялық зерттеу ел азаматтарының дүниетанымдық таңдау еркіндігінің қажетті алғышарты болып табылатын мемлекеттің дін саласындағы діни бірлестіктермен жүргізетін саясатына қатысты ар-ождан бостандығы қағидатын іске асыруды, адамның діни наным-сенімдегі өзін-өзі айқындауын және оны жүзеге асыру барысында азаматтардың саяси құқықтарын сақтау мәселелерін орындау механизмдерін зерттеуге арналған.

Бұл зерттеудің маңыздылығы Ата заңымызда белгіленген еркіндіктерді пайдалана отырып, конфессияаралық және ұлтаралық қатынастарды реттеуге, оған дінтанулық талдау жасау мен ар-ождан бостандығы қағидатының елеулі ықпалымен негізделеді, мемлекет құрушы ұлт қазақ халқының дәстүрлеріне тікелей ұштасып кеткен исламдық наным-сенімнің қазіргі қоғамдағы модернизациялау процесінде қалай өзгеріп жатқандығына көңіл бөлінеді. Ол сондай-ақ сарапшылардың да, тұтастай алғанда, қоғамның да дін мен террордың өзара қарым-қатынасы, сенім мен төзбеушілік, рухани борыш пен фанаттық зорлық-зомбылық проблемаларына, сондай-ақ бір жағынан діни бірлестіктердің қызметіне мемлекеттік бақылау жасау және екінші жағынан діни ұйымдардың ісіне тікелей араласуға жол беру мәселелеріне деген қызығушылығымен айқындалады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығын Қазақстан Республикасының дін саласындағы саясатының дін тұтудың еркіндігі мен ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету бағытында заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуде қолданылуы мүмкін, оның дінтанулық астарларын ашу бағытында да маңызы зор.

Диссертант Б.Ж. Сапаровтың еңбегі еліміздің мемлекет пен діни бірлестіктердің арақатынасы саласына өзіндік үлесін қосатын теориялық туынды және өмірлік бағдар болады. Заманауи мәселелер мен еліміздің конфессияаралық қатынастарының талаптарын қанағаттандыратын еңбек болғандықтан, диссертациялық зерттеу ғылыми құндылығымен ерекшеленеді.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны екі тараудан тұрады, олардың әрқайсысы үш тараушадан құралған. Зерттеуде қойылған мақсатқа сәйкес міндеттердің шешімін табу барысында төмендегі ғылыми нәтижелерге қол жеткізеді:

Бірінші ғылыми нәтижеде дін саласындағы дін тұтудың еркіндігі мен ар-ождан бостандығы түсінігі, қалыптасу ерекшеліктері мен мазмұны ашылды;

Екінші ғылыми нәтижеде діни сананы қалыптастыру барысындағы төзімділік қағидаттарын жүзеге асырудың әлемдік тәжірибесіне талдау жасалды;

Үшінші ғылыми нәтижеде мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастарды шешудің әлемдік тәжірибесіндегі саясат пен дін арасындағы қатынастың әлеуметтік-мәдени астарлары айқындалды;

Төртінші ғылыми нәтижеде мемлекет пен дін арасындағы саясаттың негізгі басымдықтары мен ішкі мазмұнына зерттеулер жүргізілді;

Бесінші ғылыми нәтижеде қазіргі заман талабына сай жаһандық және аймақтық дін саласындағы іс-қимылдарға жауап ретінде ҚР-дағы діни бірлестіктерді тіркеудің мәні мен маңызы көрсетілді;

Алтыншы ғылыми нәтижеде қоғамдағы дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісін насихаттаудың елдің саяси стратегиясындағы маңыздылығы айқындалды.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші тұжырымы нақты әрі жан-жақты негізделген. Дін тұтудың еркіндігі мен ар-ождан туралы жалпы ұғымдар әр адамның ішкі әлеміндегі, әлеуметтік топтардың және тұтас қоғамның ұжымдық санасында өзінің және басқа адамдардың іс-әрекетіне қатысты уәждеменің, мінез-құлықтың және көріністің барлық аспектілерінде маңыздылығын сақтайды.

Екінші тұжырымы нақты және дәлелденген деп есептеймін. Діни сананы қалыптастыру барысындағы төзімділік, ар-ождан мәселесінің әлемдік тәжірибедегі қазіргі көріністері оның ішкі заңдылықтары күрделі екенін көрсетеді. Ал философтар мен саясаткерлердің тұжырымдарында гетерогенділік пен қанықтылық деңгейімен сипатталатын конфессиялық кеңістіктің жағдайы әсер еткені анық.

Үшінші тұжырымының дәйектілігі нақты көрсетілген. Поликонфессиялық мемлекетте мемлекет пен дін арасындағы қарым-

қатынастар, діни дәстүрлер кез-келген мемлекеттің тарихы мен ішкі қоғамдық-саяси тұрақтылығына үлкен ықпалын тигізеді. Қазіргі таңда әлемде мемлекет-шіркеу қатынастарының түрлі үлгілері мен концепциялары қалыптасты және олардың әрқайсысының өзінің жүріп өткен өзіндік қоғамдық-тарихи жолдары бар.

Төртінші тұжырымында нақты және дәлелденген нәтижелер көрініс тапқан. Қазіргі әлем елдеріндегі, оның ішінде Қазақстандағы қоғамдық-саяси ахуал түйінді мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. XX ғасырдың аяғы – XXI ғасырдың басында посткеңестік кеңістіктегі, атап айтқанда Қазақстанда, жаңа діни ренессанс сияқты көрінетін діни сананың, әсіресе исламның күшті дамуымен сипатталады.

Бесінші тұжырымы шынайлығы жоғары дәрежеде болып табылады. Заманауи Қазақстандағы мемлекеттік конфессионалдық қарым-қатынастар саласының жеткілікті деңгейде зерттелуі мен мемлекеттің діни бірлестіктер қызметі мәселелеріне көп көңіл бөлгеніне қарамастан, мемлекеттік конфессионалдық қарым-қатынастар саласында әлі де проблемалар сақталынып қала бергені анық.

Алтыншы тұжырымы да нақты және дәлелденген. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші, екінші, үшінші құрылтайының Қазақстанда, оның ішінде Елордада өткізілуі дүниежүзі алдында мерейімізді тағы үстем етті. Бұл орайда Елбасының дін халықтарды жақындастыратын ұлы күш екендігіне көз жеткізе алғандығы деп білуіміз керек. Тұтастай алғанда, біздің қоғамның осы үлгісі мен тәжірибесі дінаралық жанжалдарға қазіргі кезде жол бермеуге болатынын көрсетеді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже қазақстандық дінтану саласындағы мемлекеттің діни бірлестіктермен жүргізген саясатын дінтанулық тұрғыдан талдау ғылыми зерттеу кеңістігі үшін жаңа болып табылады, себебі, диссертант дін саласындағы дін тұтудың еркіндігі мен ар-ождан бостандығы түсінігі, қалыптасу ерекшеліктері мен мазмұнын ашқан.

Екінші ғылыми нәтиже дінтану ғылымының теориялық негіздемесіне қосылған жаңа үлес болып табылады. Діни сананы қалыптастыру барысындағы төзімділік қағидаттарын жүзеге асырудың әлемдік тәжірибесіне талдау жасаған.

Үшінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа болып саналады. Мемлекеттік конфессионалды қарым-қатынастарды шешудің әлемдік тәжірибесіндегі саясат пен дін арасындағы қатынастың әлеуметтік-мәдени астарлары айқындалған.

Төртінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Себебі, мемлекет пен дін арасындағы саясаттың негізгі басымдықтары мен ішкі мазмұнына зерттеулер жүргізілген.

Бесінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде жаңа. қазіргі заман талабына сай жаһандық және аймақтық дін саласындағы іс-қимылдарға

жауап ретінде ҚР-дағы діни бірлестіктерді тіркеудің мәні мен маңызы көрсетілген.

Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа болып саналады. Себебі, автор қоғамдағы дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісін насихаттаудың елдің саяси стратегиясындағы маңыздылығын айқындаған.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Диссертант Б.Ж. Сапаровтың зерттеу барысында қол жеткізген тұжырымдамалары мен ғылыми нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы жоғары. Шын мәнінде зерттеудің теориялық құндылығы – диссертация тақырыбы қазақстандық дінтану ғылымында алғашқылардың бірі болып осы тұрғыда қарастырылған мемлекет пен діни конфессиялар арақатынасын дінтанулық талдау болып есептеледі.

Диссертациялық зерттеу еліміздегі мемлекет пен конфессияаралық қатынасты ғылыми-теориялық тұжырымдауға бағытталған еңбек екендігін ескерсек, зерттеу нәтижелері дінтану, саясаттану, мәдениеттану, философия, әлеуметтану саласындағы ізденістер мен арнайы элективті курстар оқытуда қолданыс таба алады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 13 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған саяси, философиялық және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялауға арналған журналдарда – 5 ғылыми мақала; халықаралық ғылыми конференциялар материалдарының арнайы жинақтарында – 7 ғылыми мақала (оның ішінде 1 мақала шетелдік баспада); нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 1 басылып шықты.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Б.Ж. Сапаровтың диссертациялық зерттеу жұмысы кәсіби деңгейде жазылған. Жұмыстағы кемшіліктер мәтінде кейбір стилистикалық қателіктер мен қайталаулар кездеседі. Дегенмен де ол қателер ғылыми жұмыстың негізгі мазмұнына зиян келтірмейді. Ізденуші зерттеу барысында қойған мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізе білген. Берілген ұсыныстар мен аталған кемшіліктерді докторант өзінің болашақ зерттеулерінде ескереді деп есептеймін.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Б.Ж. Сапаровтың қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми жағынан өзекті. Жұмыс толық аяқталған және өзінің көздеген мақсатына жеткен. Диссертант өз ойлары мен ғылыми тұжырымдамаларын дәлелдеу барысында әдістемелер мен ғылыми әдістерді оңтайлы пайдалана

білген. Диссертанттың зерттеу жұмысы қазақстандық дінтану ғылымына өзіндік үлес қосады деп айтуға болады.

Б. Сапаровтың «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаты» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес жұмыстың авторы Бахытжан Жолдыбайұлы Сапаров «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын-пікір беруші:

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразиялық ұлттық
университетінің профессоры,
ҰҒА академигі,
философия ғылымдарының докторы



Гарифолла Есім
Гарифолла Есім